

<p>ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA —1979—</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>«Медициналық биофизика және ақпараттық технологиялар», «Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедралары Тәжірибелік сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар</p>	<p>№ 35-11(Б)-2024 № 58- -2024</p>	<p>80 беттін 1 беті</p>

ТӘЖІРИБЕЛІК САБАҚТАРҒА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР

Пәні:

Фылыми зерттеулерге кіріспе

Пән коды:

GZK 2212

ББ атауы және шифры:

6B10115 «Медицина»
6B10116 «Педиатрия»
6B10118 «Медициналық-профилактикалық іс»

**Оқу сағатты/кредиттерінің
көлемі:**

180/6

Оқу курс мен семестрі:

2/4

Тәжірибелік сабактар:

48

Шымкент, 2024 жыл

<p>ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA —1979—</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>«Медициналық биофизика және ақпараттық технологиялар», «Әлеуметтік медициналық сактандыру және қоғамдық денсаулық» кафедралары Тәжірибелік сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар</p>	<p>№ 35-11(Б)-2024 № 58- -2024</p>	<p>80 беттін 2 беті</p>

Тәжірибелік сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар «Ғылыми зерттеулерге кіріспе» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасына (силлабус) сәйкес өзірленген және кафедра мәжілісінде талқыланды.

«Медициналық биофизика және ақпараттық технологиялар»

Хаттама № 11 " 30 " 05 2024ж.

Кафедра менгерушісі, ф.-м.ғ.к., қауым.проф.  М.Б.Иванова

«Әлеуметтік медициналық сактандыру және қоғамдық денсаулық»

Хаттама № 15 " 10 " 06 2024 ж.

Кафедра менгерушісі, ф.-м.ғ.к., қауым.проф.  Г.Ж. Сарсенбаева

ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Медициналық биофизика және ақпараттық технологиялар», «Әлеуметтік медициналық сактандыру және қоғамдық денсаулық» кафедралары Тәжірибелік сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар	№ 35-11(Б)-2024 № 58- -2024 80 беттін 3 беті

№1 сабак

1. Тақырыбы: Биостатистикаға кіріспе.

2. Мақсаты: студенттерге биостатистика пәнінің міндеттері және даму кезеңдері туралы негізгі түсінігін қалыптастыру; студенттерді медициналық мәліметтердің типтерімен, сонымен қатар өлшеу шкалаларының түрлерімен таныстыру.

3. Оқыту міндеттері:

- медициналық білім беруде және дәрігердің жұмысында биостатистиканың рөлін анықтау;
- биостатистика дамуының негізгі кезеңдерімен танысу;
- медициналық деректерді жіктеуді үйрену;
- медициналық зерттеулерде қолданылатын өлшеу шкалаларын ажыратуды үйрену;

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Биостатистика пәні мен міндеттері.
2. Биостатистиканың даму кезеңдері.
3. Медициналық мәліметтердің жіктелуі.
4. Медициналық-биологиялық зерттеулерде қолданылатын өлшеу шкалаларының негізгі типтері.

5. Оқыту мен оқытудың әдістері/технологиялары: Тәжірибелік жұмыс

❖ Тапсырма:

1. Теорияны оқу:

1.1. Биостатистика пәні және міндеттері

Статистика – қоғамдық құбылыстар санының сапалық жағымен тығыз байланыстылығын зерттейтін қоғамдық ғылым. Статистика жеке ғылым ретінде XVII ғасырда қалыптаса бастады.

Биология, медицина, фармация, гигиена және денсаулық сактау саласына қатысты сұрақтарды зерттейтін статистиканы *биостатистика* деп атайды.

Биостатистика әлеуметтік статистикаға жатады.

Дәрігердің, фармацевтің, қоғамдық денсаулық сактау қызметкерлерінің, эпидемиологияның, медбикенің тәжірибелік және ғылыми жұмыстарында биостатистиканың маңызы зор.

Биостатистика түрлі әдістерді қолданады: зерттеу негізінде алынған берілгендерді жинау және оларды қорыту, талдау және нәтижелерден қорытынды шығару.

Статистикалық талдау ақпарат табуға және алынған атқараттың сапасын бағалауға көмектеседі.

Биостатистиканың міндеттері:

- сандық түрде ұсынылған биологиялық факт (өлшеу) – бұл биологиялық нысан қасиетінің жеке сан, нұсқа немесе айнымалылардың мәні түрінде берілуі;
- көп фактілердің жалпылама сипаттамасы (статистикалық бағалау) – бұл бір текті нысандардың немесе белгілердің қасиетін толық сипаттайтын параметрлердің және көрсеткіштердің есебі.
- зандалықтарды іздестіру (статистикалық болжамдар тексеру) – бұл салыстырып отырған жиындардың, нысандардың, олардың сипаттамаларының сыртқы және ішкі себептерге тәуелділігінің кездейсоқ еместігін дәлелдеу.

1.2. Биометриканың дамуына Ф. Гальтон, К. Пирсон, Р. Фишердің ролі

Алғашқыда Гальтон дәрігер болғысы келген. Бірақ Кембридж университетінде оқып жүріп, ол жаратылыстанумен, метеорологиямен, антропологиямен, тұқым куалаушылық және даму теориясымен айналыса бастады.

Биометрия негізі Фрэнсис Гальтоннан (1822-1911) басталады (1.1а-сурет).


<p>ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>«Медициналық биофизика және ақпараттық технологиялар», «Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедралары Тәжірибелік сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар</p>	<p>№ 35-11(Б)-2024 № 58- -2024 80 беттін 4 беті</p>



a



b



c

1.1.-сурет. a – Ф. Гальтон, b – К. Пирсон, c – Р. Фишер

1889 жылы жарық көрген тұқым қуалаушылық туралы кітабында алғаш рет *biometry* сөзі енгізілді. Осы уақытта корреляциялық талдау негізі қаланды. Гальтон жаңа ғылымның негізін қалады және оған ат қойды. Бірақ оны ғылыми салаға математик Карл Пирсон (1857-1936) айналдырыды (1.1б-сурет).

1884 жылы Пирсон Лондон университетінде қолданбалы математика кафедрасын басқарды, ал 1889 жылы Гальтонмен және оның еңбектерімен танысты.

Пирсонның өмірінде ағылшын зоологы, биометрик, «Биометрика» журналының алғаш үйімдастырушысы В.Уэлдон үлкен рөл атқарды.

(1860-1906 гг.) 1893 жылы Пирсон Уэлдонның зоологиялық талдауларына көмектесе отырып, орташа квадраттық ауытқу және варияциялық коэффициент ұғымын енгізді.

1898 жылы Пирсон Гальтонның тұқым қуалаушылық теориясын математикалық тұрғыдан сипаттау үшін көп регрессиялық талдаудың негізін қалады.

1903 жылы Пирсон белгілердің кездесушілігі (сопряженности признаков) теориясын, ал 1905 жылы сызықты емес корреляция және регрессия негізін жариялады.

Биометрияның келесі даму кезеңі статистик Рональд Фишермен (1890-1962) байланысты (1.1с-сурет).

Фишер Кембридж университетінде оқып жүргендегі Г.Мендель және К. Пирсон еңбектерімен танысты.

1913-1915 жылды Фишер өндіріс орынында статистик болып жұмыс жасады, ал 1915-1919 жылды орта мектепте физика, математика пәндерінен сабак берді.

1919-1933 жылдарда Фишер ауылшаруашылық тәжірибе станциясында статистик болып жұмыс істеді.

Содан соң 1943 жылға дейін Лондон университетінің профессоры, ал 1943 жылдан 1957 жылға дейін Кембридждегі генетика кафедрасының менгерушісі болып қызмет атқарды.

Ол таңдамалылардың үлестірім теориясын, дисперсиялық және дискриминанттық талдау әдісі, тәжірибелі жоспарлау теориясын, ең жоғарғы шындыққа ұқсас әдісі және заманауи қолданбалы статистика мен математикалық генетиканың негізін құрайтын көптеген теориялардың негізін салушы болып табылады.

1.3. Мәліметтерді жинау, ұсну және жіктемелу


Кез келген статистикалық зерттеудің бірінші кезеңі талдау жасалатын нысанның немесе үдерістің айнымалыларының нақты шамалары жөнінде мәліметтер жинау.

Статистикалық берілгендерді жинау дегеніміз зерттелетін жиынтықтың элементтері туралы мәлімет алу үдерісі және олардың қасиеттері. Бұл берілгендер статистикалық өндеу және талдау жасауға негіз болады.

<p>ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	<p>SKMA —1979—</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>«Медициналық биофизика және ақпараттық технологиялар», «Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедралары</p> <p>Тәжірибелік сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар</p>	<p>№ 35-11(Б)-2024 № 58- -2024</p>	<p>80 беттін 5 беті</p>

Екінші кезеңі берілгендердің типіне талдау жасау.

Берілгендердің типтерінің жіктемесі төмендегі суретте көрсетілген. Берілгендердің негізгі типтері сандық және сапалық болып бөлінеді (1.2-сурет).



1.2-сурет. Статистикалық берілгендердің типі

Сандық берілгендер – дискретті (үзілісті) және үзіліссіз болып бөлінеді.

Дискретті берілгендер – тек бүтін сан яғни бөлшек сан болуы мүмкін емес түрде алынған сандық берілгендер. Мысалы: балалар саны және т.б.

Үздіксіз (немесе үзіліссіз) берілгендер – бұл теориялық жағынан алғанда бөлшек бөлігі болуы мүмкін, үзіліссіз шкалада өлшегендеге алынатын берілгендер. Мысалы: дене массасы, бойы, артериялық қысым және т.б.

Үзіліссіз берілгендер аралық және салыстырмалы болып бөлінеді.

Аралық берілгендер – физикалық мәні бар, абсолюттік шамалары өлшенетін үздіксіз берілгендердің түрі.

Салыстырмалы берілгендер – белгі мәнінің алғашқы күйіне (немесе басқа күйіне) салыстырғанда мәнінің өзгеру (өсу немесе кему) үлесін сипаттайтын үздіксіз берілгендердің түрі. Бұл берілгендер өлшемсіз шама болып табылады немесе пайызбен өлшенеді.

Сапалық берілгендер – номиналды және реттеуші болып бөлінеді.

Номиналды берілгендер – өлшенбейтін категорияларды шартты түрде бейнелейтін код түріндегі (диагноз кодтары) берілгендер.

Реттік берілгендер – бір белгінің анық байқалу дәрежесін шартты түрде бейнелейтін (қатерлі ісік ауруларының кезеңі, жүрек талмасының дәрежесі және т. б.) сапалық берілгендердің түрі.

Бұлардың дискретті берілгендерден айырмашылығы аурудың белгісін өлшеу үшін пропорционалды шкалалардың болмауы.

Бинарлық (дихотомиялық) берілгендер – сапалық мәліметтердің ерекше түрі. Мұндай типті белгінің мүмкін болатын екі мәні бар (жынысы, қандайда бір ауру түрінің болуы немесе болмауы).

Берілгендердің ерекше түрі мерзімі болып табылады. Кейде олармен қандайда бір арифметикалық амалдар орындау (екі оқиғаның арасындағы осы оқиғалардың күндері бойынша абсолютті уақыт кезеңін есептеу) қажет болады.

Кейде жоғарыда келтірілген түрлердің дербес жағдайы болып табылатын берілгендердің кейбір ерекше дербес түрлерін бөліп қарастырады: шенін, ұпайлар, визуалды ұқсас шкалалар, цензуралы берілгендер және т.б.

<p>ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	<p>SKMA —1979—</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>«Медициналық биофизика және ақпараттық технологиялар», «Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедралары Тәжірибелік сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар</p>	<p>№ 35-11(Б)-2024 № 58- -2024 80 беттін 6 беті</p>	

1.4. Медициналық-биологиялық зерттеулерде қолданылатын өлшеу шкалаларының типтері

Өлшеу – нысандарды белгілі бір көрсеткіштері немесе сипатына (белгілері, атрибуттары) қарай салыстыру рәсімі.

Шкала – міндетті, қажетті өлшеу рәсімінің элементі.

Медициналық-биологиялық зерттеулерде қолданылатын өлшеу шкалаларының негізгі типтері:

Номиналды немесе **атаулар** шкаласы нысанның қасиеттерін классификациялауда, оларға сандық, әріптік және басқа символдық сипаттамалар беру үшін (жынысы, ұлты, көзінің, шашының түсі, диагнозы т.б.) қолданылады. (1.3-суретте халықаралық аурудың, классификаторының электрондық үзіндісі көрсетілген, бұл жерде әрбір ауру типіне арнайы код берілген.)

МКБ-10 Блоки.

Класс: Болезни органов дыхания

- Блок (J00-J06) - Острые респираторные инфекции верхних дыхательных путей
- Блок (J10-J18) - Грипп и пневмония
- Блок (J20-J22) - Другие острые респираторные инфекции нижних дыхательных путей
- Блок (J30-J39) - Другие болезни верхних дыхательных путей
- Блок (J40-J47) - Хронические болезни нижних дыхательных путей
- Блок (J60-J70) - Болезни легкого, вызванные внешними агентами
- Блок (J80-J84) - Другие респираторные болезни, поражающие главным образом интерстициальную ткань
- Блок (J85-J86) - Гнойные и некротические состояния нижних дыхательных путей
- Блок (J90-J94) - Другие болезни плевры
- Блок (J95-J99) - Другие болезни органов дыхания

1.3-сурет. Аурулардың халықаралық классификаторы-атаулар шкаласының мысалы

Реттік немесе **шендік шкаласы** – белгілердің шамасына қарай (Мясников шкаласы бойынша гипертониялық аурулардың кезеңі, Стражеско-Василенко-Лангу шкаласы бойынша жүрек талмасының дәрежесі, Фогельсон бойынша жүректің жеткіліксіздігінің айқындық дәрежісі шкаласы және т.б.) реттейді (1.4-сурет).

Кезең	Белгілер
1	Миокард жиырылуының жылдамдығын төмендету, фракция лактыруды төмендету, ентігу, жүректің қатты соғуы, физикалық жүктемеде шаршау.
2	Қан айналысының жеткіліксіздігі әлсіз немесе маңызды. Айтылған қан айналысының жеткіліксіздігі алғашқы кезеңде тек физикалық жүктемеде ғана емес, тыныштық кезде де байқалады.
3	Жүрек қызметінің болмашы бұзылуы және тыныштық кездегі гемодинамикасы, сонымен бірге ағзадағы айқын дистрофиялық және ұлпадағы құрылымдық өзгерістер.

1.4-сурет. Фогельсон бойынша коронарлық жеткіліксіздігінің айқындық дәрежесі шкаласы - реттік шкаланың мысалы

Аралық шкаласы – белгілердің жеке өлшемдерінің ауытқуын (уақыт, температура, тест үпайлары) көрсетеді.

<p>ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA —1979—</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>«Медициналық биофизика және ақпараттық технологиялар», «Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедралары</p> <p>Тәжірибелік сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар</p>	<p>№ 35-11(Б)-2024 № 58- -2024</p>	<p>80 беттін 7 беті</p>



1.5-сурет. Секундомер, термометр – аралық шкалалың мысалы

Қарым-қатынас шкаласы – өлшемген белгілердің қатынасын (бойы, салмағы, реакция мерзімі, тесттегі орындалған тапсырмалар саны) көрсетеді (1.6-сурет).



1.6-сурет. Таразы - қатынас шкаласының мысалы

1.5. Биостатистикадағы өлшеудің сенімділігі және ақиқаттылығы.

Өлшеу барысында оның **сенімділігі** және **акиқаттылығы** бойынша сұрақ туындайды.

Өлшеу **сенімділігі** өлшеудің:

дұрыстығына (шкала дұрыс таңдалды ма, көрсеткіш дұрыс жазылды ма, жүйелік қателіктер ескерілді ме және т.с.с);

орнықтылығына (қайта өлшеу барысында мәліметтер сәйкес келе ме);

қысындылығына (өлшеу керек нысанның дәл өзі ме, әлде оған үқсас түрі алынды ма) тәуелді болады.

Өлшеу **акиқаттылығы** нақты жағдайдағы шамаға салыстырғанда өлшеу дәлдігін сипаттайтыды.

Ақиқаттылыққа тексерудің басты бағыты, ақпараттарды әртүрлі ақпарат таратушы көздерден алуына негізделген.

2. Тақырып бойынша ауызша сұрақ- жауап.

3. Тесттен өту ("easyQuizzy" бағдарламасы бойынша тест тапсырмаларын орындау)

6. Бағалау әдістері/технологиялары (тестілеу, ситуациялық есептерді шешу, ауру тарихын толттыру және т.б.): Ауызша сұрақ- жауап. Тәжірибелік жұмыс (Чек парағы бойынша бағалау)

7. Әдебиет:

- Негізгі

1. Койчубеков Б.К. Биостатистика кіріспе курсы: оқу күралы.-Эверо, 2014.

<p>ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>	
<p>«Медициналық биофизика және ақпараттық технологиялар», «Әлеуметтік медициналық сақтаңдыру және қоғамдық денсаулық» кафедралары Тәжірибелік сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар</p>	<p>№ 35-11(Б)-2024 № 58- -2024 80 беттін 8 беті</p>	

2. Чудиновских В.Р. Абдикадыр Ж.Н. Медициналық биологиялық деректерді статистикалық талдауда EXCEL және SPSS statistics бағдарламаларын қолдану. Оқу құралы.- ИП "АҚНҰР", 2021
3. Бөлешов М.Ә. Медициналық статистика: оқулық.-Эверо, 2015
4. Койчубеков Б.К. Биостатистика кіріспе курсы: оқу құралы.-Эверо, 2014
5. Раманқұлова А.А. Биостатистика.-Ақ-Нұр, 2013
 - **Қосымша**
 1. Мысалдар мен тапсырмалардағы биостатистика: оқу-әдістемелік құрал.- Алматы: Эверо, 2013.- 108с
 2. Койчубеков Б.К. Букеева А.С., Такуадина А.И., Жунусова Г.Т., Абдыкешова Д.Т. Мысалдар мен тапсырмалардағы биостатистика: оқу әдістемелік құрал.- Алматы: ТОО Эверо, 2024.- 108 б.
 - **Электрондық оқулықтар**
 1. Биостатистика [Электронный ресурс]: оқулық /К.Ж. Құдабаев [ж/б].- Электрон. текстовые дан. (85,7Мб). - Шымкент: ОҚМФА, 2015. - 185 бет. әл. опт. диск (CD-ROM)
 2. Биологиялық статистика. Раманқұлова А.А. 2019 <https://aknurpress.kz/reader/web/1068>
 3. Медициналық-биологиялық деректерді статистикалық талдауда excel және spss statistics бағдарламаларын қолдану
 4. Койчубеков Б.К., Букеева А.С., Такуадина А.И., Жунусова Г.Т., Абдыкешова Д.Т. Мысалдар мен тапсырмалардағы биостатистика. Оқу-әдістемелік құрал – Алматы, Эверо, 2020.- 108 б. https://elib.kz/ru/search/read_book/869/

8. Бақылау:

1. «Биостатистика» деген не?
2. Биометриканың дамуындағы Ф.Гальтон, К.Пирсон, Р.Фишер ғалымдарының ролі қандай?
3. Статистикалық берілгендердің қандай типтерін білесіздер?
4. Медициналық-биологиялық зерттеулерде өлшіну шкаласының қандай типтері қолданылады?

№2 сабак

- 1. Тақырыбы:** Вариациялық қатар
- 2. Мақсаты:** Вариациялық қатардың сандық сипаттамаларын есептеу және оларды түсіндіру және «Statistica» бағдарламасының кейбір мүмкіндіктерімен танысу.
- 3. Оқыту міндеттері:**
 - Вариациялық қатардың сандық сипаттамаларын есептеуді үйрету;
 - Вариациялық қатардың сандық сипаттамаларын түсіндіруді үйрету.
 - берілген мәліметтерге кесте жасауды, өндеуді, сақтауды үйрену;
 - "STATISTICA" бағдарламасында қарапайым сызбаларды құруды және статистикалық жиынтықтармен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.
- 4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:**
 1. Вариациялық қатардың орталық үрдісінің шаралары.
 2. Вариациялық қатардың шашырау шаралары.

<p>ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>«Медициналық биофизика және ақпараттық технологиялар», «Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедралары Тәжірибелік сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар</p>	<p>№ 35-11(Б)-2024 № 58- -2024 80 беттін 9 беті</p>

3. Вариациялық қатардың сандық сипаттамаларын түсіндіру.
4. "STATISTICA" бағдарламасында статистикалық талдау жүргізу кезеңдері.
5. "STATISTICA" бағдарламасында жасалатын құжаттардың түрлері. Олардың көзейтілімі.
6. "STATISTICA" бағдарламасының жұмыс терезесінің элементтері.
7. Электрондық кестедегі бағандармен және жолдармен жұмыс жасау.
8. "STATISTICA" бағдарламасында қарапайым сыйбалар құру.

5. Оқыту мен оқытудың әдістері/технологиялары: практикум/ Компьютерде тәжірибелік жұмыс/ Ситуациялық есептерді шешу

Тапсырма

1-Мысал. Жоғары тиімді жаңа антибиотикті зерттеуге семіздікке бейім ірінді хирургия бөлімінің науқастары қатысты. Науқастардың салмағына қарай келесі үлестірім алынды:

Дене салмағы, кг	Науқас саны, адам.
90	1
100	4
120	8
130	6
140	2
Барлығы:	21

Вариациялық қатардың көрсеткіштерін: орташасын, модасын, медианасын, дисперсиясын, орташа квадраттық ауытқуын, вариация коэффициенттің, вариация құлашын, 25-ші және 75-ші процентилийн есептөңіз. Көрсетілген нұсқалық қатар қалыпты үлестірім заңына сәйкес келеме?

Шешуи.

Есептеу кестесін құру.

x_i	v_i	$x_i \cdot v_i$	$x_i - \bar{x}$	$(x_i - \bar{x})^2$	$(x_i - \bar{x})^2 \cdot v_i$
90	1	90	-29,5	870,25	870,25
100	4	400	-19,5	380,25	1521
120	8	960	0,5	0,25	2
130	6	780	10,5	110,25	661,5
140	2	280	20,5	420,25	840,5
Барлығы:	21	2510			3895,25

1) Орташа мәнін есептеу керек: $\bar{x} = \frac{\sum_{i=1}^n x_i v_i}{\sum_{i=1}^n v_i} = \frac{2510}{21} \approx 119,5$ яғни, науқастардың орташа салмағы 119,5 кг.

2) Модасын анықтау: $Mo=120$ яғни, бақылауда ең көп кездесетін мән 120 кг.

3) Медианасын анықтау: $Me=120$ яғни, 120 кг мәні вариациялық қатардың ортасында орналасқан.

4) Дисперсиясын есептеу керек: $S^2 = \frac{\sum_{i=1}^n (x_i - \bar{x})^2 \cdot v_i}{n-1} = \frac{3895,2}{20} \approx 194,76$

ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Медициналық биофизика және ақпараттық технологиялар», «Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедралары Тәжірибелік сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар	№ 35-11(Б)-2024 № 58- -2024 80 беттін 10 беті

5) Орташа квадраттық ауытқуын есептеу керек: $S = \sqrt{S^2} = \sqrt{194,76} \approx 13,96$ яғни, науқастардың салмағының ауытқуы 13,96 кг.

6) Вариация коэффициентін есептеу керек: $V = \frac{S}{\bar{x}} \cdot 100\% = \frac{13,96}{119,5} \cdot 100\% \approx 11,7\%$

$V \leq 33\%$ болғандықтан таңдама біртекті.

7) Вариациялық қатардың құлашын есептеу керек: $R = x_{max} - x_{min} = 140 - 90 = 50$, яғни, ең үлкен және ең кіші мәндерінің арасындағы салмақ айырмашылығы 50кг

8) Вариациялық қатарды реттелген таңдама түрінде көрсету: 90, 100, 100, 100, 100, 100, 120, 120, 120, 120, 120, 120, 120, 130, 130, 130, 130, 130, 130, 140, 140.

50-ші процентилдің нөмері (медианасы) $N_{P_{50}} = \frac{n+1}{2} = \frac{21+1}{2} = 11$ $Me = 120$.

25-ші процентилдің нөмері (төменгі квартилі) $N_{P_{25}} = \frac{n+1}{4} = \frac{21+1}{4} = 5,5$ $P_{25} = 120$.

75-ші процентилдің нөмері (жоғарғы квартилі) $N_{P_{75}} = \frac{3(n+1)}{4} = \frac{3(21+1)}{4} = 16,5$ $P_{75} = 130$.

Мысал 2

Параметрлері: $\mu=170$, $\sigma=7$, бір қалыпты үлестірілген ОКМА-ның бірінші курс студенттерінің бойы өлшемінің нәтижесімен берілген кездейсоқ 100 таңдама санды «Statistica 10» бағдарламасында құру керек.

Орташа мәнін, косындысын, модасын, медианасын, геометрикалық орташасын, гармоникалық орташасын, стандартты ауытқуын, дисперсиясын, орташа стандарттық қателігін, орташаның сенімділік аралығын, асиметриясын, бұзылуын, таңдаманың ең үлкен және ең кіші мәндерін, төменгі және жоғарғы квартилдерін, құлашын есептеу керек.

Гистограммасын, бір қалыпты ықтималдық және «мұртты жәшік» сызбаларын тұрғызу керек. Нәтижелерді түсіндіріп беру керек

1. Электрондық кестені құру.

«Statistica 10» бағдарламасын ашу. Экранда 10*10 өлшемді түрде электронды кесте пайда болады. Егер кесте пайда болмаса, онда *Home → File → New → Spreadsheet* әрекетін орындау керек.

2. Кестелердің өлишемдерін баптау.

Берілгендер үшін 1 баған және 100 қатар талап етіледі. Артық 9 бағанды жою және 90 қатар қосу керек.

3. Кестенің тақырыбын безендіру.

Кестенің тақырыбын «ОКМА 1 курс студенттерінің бойы» қатардың астындағы ақ өріске: *Data: Spreadsheet1 (1v by 100c)* енгізу керек.


4. Айнымалының атын беру.

«Var1» айнымалының атына тышқанның сол жақ батырмасымен екі рет шертү керек. Айнымалының спецификациясы терезесін шақыру керек. *Name (Аты)* өрісінде «Студенттердің бойы, см» жазу, «OK» батырмасын басу керек. Егер аты толық көрінбесе, онда бағанды созу керек.

5. Бір қалыпты үлестірім заңына бағынатын таңдаманы құру.

«Var1» айнымалының спецификация терезесіндегі *Long name (Ұзын аты)* өрісіне `==>RndNormal(7)+170` формуласын жазу (1-сурет), «OK» батырмасын басу керек. Бағдарлама автоматты түрде ұяшықтарды сандармен толтырады.

<p>ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>«Медициналық биофизика және ақпараттық технологиялар», «Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедралары</p> <p>Тәжірибелік сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар</p>	<p>№ 35-11(Б)-2024 № 58- -2024 80 беттін 11 беті</p>




1- сурет. Бір қалыпты үlestірім заңына бағынатын таңдаманы күрү.

6. Сандық берілгендердің пішімін өзгерту.

«Var1» айнымалылардың спецификациясы терезесінен, *Display format* (Пішім көрінісі) өрісінде *Number* (Сандық) таңдау, *Decimal places* (Ондық разрядтар) өрісіне «1» қою, «OK» батырмасын басу керек.

7. Таңдаманың сандық сипаттамаларын есептей.


Basic Statistics → *Descriptive statistics* (2-сурет) → *OK*.



2-сурет. *Descriptive statistics* рәсімін таңдау.

Variables-ке айнымалыларды беру (3-сурет).

<p>ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>	
<p>«Медициналық биофизика және ақпараттық технологиялар», «Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедралары</p> <p>Тәжірибелік сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар</p>		<p>№ 35-11(Б)-2024 № 58- -2024 80 беттін 12 беті</p>



3- сурет. Айнымалыларға тапсырма.

Advanced (Қосымша) қойындысын тандау, қажетті сандық сипаттамаларды ерекшелеу:

Valid N – таңдама көлемі;

Mean - орташа;

Sum - қосынды;

Median - медиана;

Geom. mean – геометриялық орташа;

Harm. mean – гармоникалық орташа;

Standard Deviation – орташа квадраттық ауытқу;

Variance - дисперсия;

Std. err. of mean – орташаның стандарттық қателігі;

Conf. limits for means – орташа үшін сенімділік аралығы;

Skewness - асимметрия;


Kurtosis - бұзылу;

Minimum & maximum – ең кіши және ең үлкен мән;

Lower & upper quartiles – төменгі және жоғарғы квартилдер;

Range - құлаш (4- сурет).


«Summary» батырмасын басу керек.



<p>ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>«Медициналық биофизика және ақпараттық технологиялар», «Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедралары Тәжірибелік сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар</p>	<p>№ 35-11(Б)-2024 № 58- -2024 80 беттін 13 беті</p>

4-сурет. Сандақ сипаттамаларды тандау.

Экранда қорытынды кесте шығады. (5-сурет).



5- сурет. Таңдаманың сандақ сипаттамаларымен берілген қорытынды кесте.


8. Гистограмма түрғызыу.

Descriptive statistics талдау терезесіне оралу, *Normality* (Қалыпты) қойындысын тандау, *Histograms* (Гистограммалар) батырмасын басу керек (6-сурет).

Экранда гистограмма пайда болады (7-сурет). Гистограммадағы қызыл сұзық - бір қалыпты үлестірім тығыздығының сұзбасы.


9. Бір қалыпты ықтималдық сұзбасын түрғызыу.

Descriptive statistics талдау терезесіне оралу, *Prob. & Scatterplots* (Ықтималдық сұзбасы және шашырау диаграммасы) қойындысын тандау, *Normal probability plot* (Бір қалыпты ықтималдық сұзбасы) батырмасын басу керек (8-сурет).




6-сурет. Гистограмманы түрғызу.

<p>ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>«Медициналық биофизика және ақпараттық технологиялар», «Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедралары Тәжірибелік сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар</p>	<p>№ 35-11(Б)-2024 № 58- -2024 80 беттін 14 беті</p>




7-сурет. Гистограмма.



8-сурет. Бір қалыпты ықтималдық сыйбасы.

Экранда бір қалыпты ықтималдық сыйбасы шығады (9-сурет). Гистограммадағы қызыл сыйық – бір қалыпты үлестірімнің тығыздығы, көк нүктелер – бақыланған таңдамалар. Көк нүктелер қызыл сыйыққа неғұрлым жақын жатса, соғұрлым үлестірім «қалыпты».


<p>ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>«Медициналық биофизика және ақпараттық технологиялар», «Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедралары Тәжірибелік сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар</p>	<p>№ 35-11(Б)-2024 № 58- -2024 80 беттін 15 беті</p>



9-сурет. Бір қалыпты ықтималдық сызбасы

10. «Мұрттары бар жәшік» сызбасын тұрғызу.


Descriptive statistics талдау терезесіне оралу, Quick (Жылдам) қойындысын таңдау, Box & whisker plot for all variables (Барлық айнымалылар үшін «Мұрттары бар жәшік» сызбасы) батырмасын басу керек (10-сурет).



10-сурет. «Мұрттары бар жәшік» сызбасын тұрғызу.


Экранда «мұрттары бар жәшік» сызбасы шығады (11-сурет). Сызбаның төменге бөлігінде орналасқан «аңызнамада»: орташа және орташаның сенімділік аралыктары көрсетілген.

<p>ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>«Медициналық биофизика және ақпараттық технологиялар», «Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедралары Тәжірибелік сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар</p>	<p>№ 35-11(Б)-2024 № 58- -2024 80 беттін 16 беті</p>




11-сурет. «Мұрттары бар жәшік» сыйбасы.

Сыйбаның «аңызнамасында» медиана, төменгі және жоғарғы квартилдер және құлаш туралы ақпараттар қамтылу үшін *Options* қойындысын таңдау және *Median/Quartiles/Range* ерекшелену, (12 сурет), «*Summary*» батырмасын басу, содан кейін қайтадан «мұрттары бар жәшік» сыйбасын түрғызу керек (13 сурет).



12-сурет. «Мұрттары бар жәшік» сыйбасы үшін опцияларды таңдау.

<p>ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>	
<p>«Медициналық биофизика және ақпараттық технологиялар», «Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедралары</p>		№ 35-11(Б)-2024 № 58- -2024 80 беттін 17 беті
<p>Тәжірибелік сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар</p>		



13-сурет. «Мұрттары бар жәшік» сызбасы.

11. Берілгендерді сақтау.

Жұмыс столында «Student» бұмасын құры керек. Бұл бұмада «Sample.sta» атты берілгендерді кестесін сақтау керек: *Home→File→Save→Save As*.

Осы бумаға «Analysis results.stw» атты жұмыс кітабын сақтау керек: *Home→File→Save→Save As*.

Тапсырмалар:

1) Орақ тәріздес жасуша ауырлығы қан аздығының клиникалық бағалануы берілген: 0; 0; 0; 1; 1; 1; 1; 1; 1; 1; 1; 1; 1; 2; 2; 2; 3; 3; 3; 4; 4; 5; 5; 5; 6; 7; 9; 10; 11. Таңдаманы вариациялық қатар ретінде көрсет, орташа мәнін, дисперсиясын, орташа квадраттық ауытқуын, вариация коэффициентін, медианасын, модасын, 25-ші және 75-ші процентелийн табыңыз. Таңдаманы қалыпты үлестірілген жиынтықтан алынды деп есептеуге бола ма? Алынған нәтижелерді Statistica бағдарламасында тексеру.

2) Жүректің ишемиялық аурумен ауырған 12 адамнан стенокардия ауруы ұстауының дамуына дейін физикалық жүктеме ұзақтығы 289, 203, 359, 243, 232, 210, 251, 246, 224, 239, 220, 211 (секундпен өлшемен) туралы деректер берілген. Орташа мәнін, дисперсиясын, орташа квадраттық ауытқуын, вариация коэффициентін, медианасын, 25-ші және 75-ші процентелийн табыңыз. Таңдаманы қалыпты үлестірілген жиынтықтан алынды деп есептеуге бола ма? Алынған нәтижелерді Statistica бағдарламасында тексеру.

3) Көз топ қабаты тамырларының өткізгіштігін бағалау нәтижесі берілген: 1,2; 1,4; 1,6; 1,7; 1,7; 1,8; 2,2; 2,3; 2,4; 6,4; 19,0; 23,6. Орташа мәнін, дисперсиясын, орташа квадраттық ауытқуын, вариация коэффициентін, медианасын, 25-ші және 75-ші процентелийн табыңыз. Таңдаманы қалыпты үлестірілген жиынтықтан алынды деп есептеуге бола ма? Алынған нәтижелерді Statistica бағдарламасында тексеру.

4) 25 күн ішінде жедел көмекке жүгінгендердің саны тіркелді. Нәтижесінде алынған таңдама: 1, 0, 4, 2, 3, 5, 2, 4, 0, 1, 8, 5, 2, 4, 3, 3, 2, 5, 1, 3, 2, 5, 1, 3, 2. Таңдаманы вариациялық қатар ретінде көрсет, орташа мәнін, дисперсиясын, орташа квадраттық ауытқуын, вариация коэффициентін, модасын және медианасын табыңыз. Алынған нәтижелерді Statistica бағдарламасында тексеру.

6. Бағалау әдістері/технологиялары (тестілеу, ситуациялық есептерді шешу, ауру

<p>ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>	
<p>«Медициналық биофизика және ақпараттық технологиялар», «Әлеуметтік медициналық сақтаңдыру және қоғамдық денсаулық» кафедралары</p>		№ 35-11(Б)-2024 № 58- -2024 80 беттін 18 беті
<p>Тәжірибелік сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар</p>		

тарихын толтыру және т.б.): Ауызша сұрақ- жауап. Тәжірибелік жұмыс (Чек парағы бойынша бағалау)

7. Эдебиет:

- **Негізгі**

6. Койчубеков Б.К. Биостатистикаға кіріспе курсы: оқу құралы.-Эверо, 2014.
7. Чудиновских В.Р. Абдикадыр Ж.Н. Медициналық биологиялық деректерді статистикалық талдауда EXCEL және SPSS statistics бағдарламаларын қолдану. Оқу құралы.- ИП "АҚНҮР", 2021
8. Бөлешов М.Ә. Медициналық статистика: оқулық.-Эверо, 2015
9. Койчубеков Б.К. Биостатистикаға кіріспе курсы: оқу құралы.-Эверо, 2014
10. Раманқұлова А.А. Биостатистика.-Ақ-Нұр, 2013

- **Қосымша**

3. Мысалдар мен тапсырмалардағы биостатистика: оқу-әдістемелік құрал.- Алматы: Эверо, 2013.- 108с
4. Койчубеков Б.К. Букеева А.С., Такуадина А.И., Жунусова Г.Т., Абдыкешова Д.Т. Мысалдар мен тапсырмалардағы биостатистика: оқу әдістемелік құрал.- Алматы: ТОО Эверо, 2024.- 108 б.

- **Электрондық оқулықтар**

1. Биостатистика [Электронный ресурс]: оқулық /К.Ж. Құдабаев [ж/б].- Электрон. текстовые дан. (85,7Мб). - Шымкент: ОҚМФА, 2015. - 185 бет. әл. опт. диск (CD-ROM)
2. Биологиялық статистика. Раманқұлова А.А. 2019 <https://aknurpress.kz/reader/web/1068>
3. Койчубеков Б.К., Букеева А.С., Такуадина А.И., Жунусова Г.Т., Абдыкешова Д.Т. Мысалдар мен тапсырмалардағы биостатистика. Оқу-әдістемелік құрал – Алматы, Эверо, 2020.- 108 б. https://elib.kz/ru/search/read_book/869/

8. Бақылау:

1. Вариациялық қатардың қандай көрсеткіштерін білесіз?
2. Орталық үрдістің көрсеткіштеріне қандай көрсеткіштер жатады?
3. Шашырау көрсеткіштеріне қандай көрсеткіштер жатады?
4. «Statistica» бағдарламасында статистикалық талдауларды жүргізу қандай негізгі кезеңдерін білесіз?
5. «Statistica» бағдарламасы қандай құжаттардың түрлерімен жұмыс істейді? Бұл құжаттардың қандай кеңейтілуі болады?
6. «Statistica» бағдарламасы негізгі жұмыс терезесі қандай элементтерден тұрады?
7. Электронды кестенің бағандар мен қатарларына қандай операциялар жасауға болады?

№3 сабак

- 1. Тақырыбы:** Статистикалық болжамды тексерудің негізгі теориясы. Келісім белгісі.
- 2. Мақсаты:** Жиынтықты бір қалыпты үlestіру туралы болжамды тексеру үшін келісім белгілерін қолдану дағдыларын қалыптастыру.
- 3. Оқыту міндеттері:**
 - Пирсонның келісім белгісі және Колмогоров-Смирнов келісім белгісі қандай жағдайларда қолданылады;

<p>ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>	
<p>«Медициналық биофизика және ақпараттық технологиялар», «Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедралары</p>		№ 35-11(Б)-2024 № 58- -2024 80 беттін 19 беті
<p>Тәжірибелік сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар</p>		

- нөлдік және баламалы болжамдарды қалыптастыруды үйрену;
- белгілер алгоритмін менгеру;
- нәтижені түсіндіруді үйрену;
- Пирсонның келісім белгісін Колмогоров-Смирнов келісім белгісін «Statistica» бағдарламасында іске асыру.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Статистикалық болжамды тексерудің сызбасы.
2. Қалыпты үлестірілім болжамын тексеру үшін Пирсонның келісім белгісі.
3. Колмогоров-Смирновтың қалыпты үлестірілім болжамын тексеру үшін келісім белгісі.
4. STATISTICA бағдарламасында үлестірілімнің қалыптылығы туралы болжамды тексеру.

5. Оқыту мен оқытуудың әдістері/технологиялары:

/Ситуациялық есептерді шешу/

Тапсырма

Мысал 1. Шығарылатын өнімді статистикалық талдау үшін таблетканың сыйнуға беріктігі тексерілді. Келесі нәтижелер (дециньютонмен) алынды.

Аралықтар	Жиіліктер, v_i	Аралықтың ортасы, x_i
(373;421]	4	397
(421;445]	6	433
(445;469]	25	457
(469;493]	31	481
(493;517]	44	505
(517;541]	35	529
(541;565]	16	553
(565;589]	4	577

χ^2 -Пирсонның келісім белгісінің көмегімен таблетканың сыйнуға беріктігінің қалыпты үлестірілім болжамын тексеру.

Шешуі.

1) Есептеу кестесін құру керек:

x_i	v_i	$x_i \cdot v_i$	$x_i - \bar{x}$	$(x_i - \bar{x})^2$	$(x_i - \bar{x})^2 \cdot v_i$
397	4	1588	-103	10609	42436
433	6	2598	-67	4489	26934
457	25	11425	-43	1849	46225
481	31	14911	-19	361	11191
505	44	22220	5	25	1100
529	35	18515	29	841	29435
553	16	8848	53	2809	44944
577	4	2308	77	5929	23716
Барлығы	165	82413			225981

2) Орташа мәнін есептеу керек: $\bar{x} = \frac{\sum_{i=1}^n x_i v_i}{\sum_{i=1}^n v_i} = \frac{82413}{165} \approx 500$.

<p>ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>«Медициналық биофизика және ақпараттық технологиялар», «Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедралары</p> <p>Тәжірибелік сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар</p>	<p>№ 35-11(Б)-2024 № 58- -2024 80 беттін 20 беті</p>

3) Дисперсиясын есептеу керек: $S^2 = \frac{\sum_{i=1}^n (x_i - \bar{x})^2 \cdot v_i}{n-1} = \frac{225981}{164} \approx 1377,9$

4) Түзетілген таңдамалы дисперсиясын есептеу керек: $s^2 = \frac{n}{n-1} S^2 = \frac{165}{165-1} \cdot 1377,9 \approx 1386$.

5) Түзетілген орташа квадраттық ауытқуды есептеу керек: $s = \sqrt{s^2} = \sqrt{1386} \approx 37$.

χ^2 -Пирсонның келісім белгісінің көмегімен болжамның қалыпты үлестірілгенің тексеру керек.

$p_i(x_i \leq X \leq x_{i+1}) = F\left(\frac{x_{i+1} - \bar{x}}{s}\right) - F\left(\frac{x_i - \bar{x}}{s}\right)$ формуласын пайдаланып кездейсоқ шаманың $[x_i, x_{i+1}]$ аралықта түсін есептеу керек, мұндағы $F(x)$ – нормаланған қалыпты үлестірім функциясы (1-қосымшаны қара).

1-қосымша. Нормаланған қалыпты үлестерім функциясы мәндерінің кестесі

x	$\Phi(x)$	x	$\Phi(x)$	x	$\Phi(x)$
0,00	0,500000	1,00	0,841345	2,00	0,977250
0,05	0,519939	1,05	0,853141	2,05	0,979818
0,10	0,539828	1,10	0,864334	2,10	0,982136
0,15	0,559618	1,15	0,874928	2,15	0,984222
0,20	0,579260	1,20	0,884930	2,20	0,986097
0,25	0,589706	1,25	0,894350	2,25	0,987776
0,30	0,617911	1,30	0,903200	2,30	0,989276
0,35	0,636831	1,35	0,911492	2,35	0,990613
0,40	0,655422	1,40	0,919243	2,40	0,991802
0,45	0,673645	1,45	0,926471	2,45	0,992857
0,50	0,691463	1,50	0,933193	2,50	0,993790
0,55	0,708840	1,55	0,939429	2,55	0,994614
0,60	0,725747	1,60	0,945201	2,60	0,995339
0,65	0,742154	1,65	0,950528	2,65	0,995975
0,70	0,758036	1,70	0,955434	2,70	0,996533
0,75	0,773373	1,75	0,959941	2,75	0,997020
0,80	0,788145	1,80	0,964070	2,80	0,997445
0,85	0,802338	1,85	0,967843	2,85	0,997814
0,90	0,815940	1,90	0,971283	2,90	0,998134
0,95	0,828944	1,95	0,974412	2,95	0,998411
				3,00	0,998650

$$p_1(373 < X \leq 421) = \Phi\left(\frac{421 - 500}{37}\right) - \Phi\left(\frac{373 - 500}{37}\right) = 0,02,$$

$$p_2(421 < X \leq 445) = \Phi\left(\frac{445 - 500}{37}\right) - \Phi\left(\frac{421 - 500}{37}\right) = 0,05,$$

ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Медициналық биофизика және ақпараттық технологиялар», «Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедралары Тәжірибелік сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар	№ 35-11(Б)-2024 № 58- -2024 80 беттін 21 беті

$$p_3(445 < X \leq 469) = \Phi\left(\frac{469 - 500}{37}\right) - \Phi\left(\frac{445 - 500}{37}\right) = 0,15,$$

$$p_4(469 < X \leq 493) = \Phi\left(\frac{493 - 500}{37}\right) - \Phi\left(\frac{469 - 500}{37}\right) = 0,21,$$

$$p_5(493 < X \leq 517) = \Phi\left(\frac{517 - 500}{37}\right) - \Phi\left(\frac{493 - 500}{37}\right) = 0,26,$$

$$p_6(517 < X \leq 541) = \Phi\left(\frac{541 - 500}{37}\right) - \Phi\left(\frac{517 - 500}{37}\right) = 0,19,$$

$$p_7(541 < X \leq 565) = \Phi\left(\frac{565 - 500}{37}\right) - \Phi\left(\frac{541 - 500}{37}\right) = 0,09,$$

$$p_8(565 < X \leq 589) = \Phi\left(\frac{589 - 500}{37}\right) - \Phi\left(\frac{565 - 500}{37}\right) = 0,03.$$

6) Есептеу кестесін құру керек:

Аралық	Жиілік v_i	Ұқтималдылықтар p_i	Теориялық жиілік $v_i^* = np_i$	$(v_i - v_i^*)^2$	$\frac{(v_i - v_i^*)^2}{v_i^*}$
(373;421]	4	0,02	3,3≈3	1	0,3
(421;445]	6	0,05	8,25≈8	4	0,5
(445;469]	25	0,15	24,75≈25	0	0
(469;493]	31	0,21	34,65≈35	16	0,46
(493;517]	44	0,26	42,9≈43	1	0,02
(517;541]	35	0,19	31,35≈31	16	0,52
(541;565]	16	0,09	14,85≈15	1	0,07
(565;589]	4	0,03	4,95≈5	1	0,2
Қосындысы		1	165		2,07

$$7) \text{ Есептеу керек: } \chi^2_{ecen} = \sum_{i=1}^k \frac{(v_i - v_i^*)^2}{v_i^*} = 2,07.$$

$$8) \text{ Анықтау керек: } \chi^2_{keste} (\alpha; f), f=k-3, \quad \chi^2_{keste} (0,05;5)=11,1. \text{ (2 қосымшаны қара)}$$

9) χ^2_{ecen} және χ^2_{keste} салыстыру керек: $\chi^2_{ecen} < \chi^2_{keste}$, демек, үлестірім бір қалыпты деген болжам қабылданады.

2 қосымша. χ^2 -Пирсон белгісінің критикалық мәндерінің кестесі

ONTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
«Медициналық биофизика және ақпараттық технологиялар», «Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедралары	№ 35-11(Б)-2024 № 58- -2024 80 беттін 22 беті	
Тәжірибелік сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар		

Число степеней свободы	Уровень значимости α					
	0,01	0,05	0,1	0,90	0,95	0,99
1	6,6	3,8	2,71	0,02	0,004	0,0002
2	9,2	6,0	4,61	0,21	0,1	0,02
3	11,3	7,8	6,25	0,58	0,35	0,12
4	13,3	9,5	7,78	1,06	0,71	0,30
5	15,1	11,1	9,24	1,61	1,15	0,55
6	16,8	12,6	10,6	2,20	1,64	0,87
7	18,5	14,1	12,0	2,83	2,17	1,24
8	20,1	15,5	13,4	3,49	2,73	1,65
9	21,7	16,9	14,7	4,17	3,33	2,09
10	23,2	18,3	16,0	4,87	3,94	2,56
11	24,7	19,7	17,3	5,58	4,57	3,05
12	26,2	21,0	18,5	6,30	5,23	3,57
13	27,7	22,4	19,8	7,04	5,89	4,11
